

A silhouette of a family of five walking away from the viewer towards a bright sunset. The sun is low on the horizon, creating a warm orange and yellow glow. The family consists of a man, a woman, and three children of varying heights, all holding hands. The man is on the left, followed by a small child, then the woman, another small child, and a taller child on the right. The overall mood is peaceful and intimate.

# Отбасы және Неке

# ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ

1. Неке және отбасы ұғымы. Отбасылық қатынастар ұғымы
  2. Туыстық және туысқандардың түрлері
  3. Отбасының түрлері. Толық және толық емес отбасы
  4. Неке мен отбасын қорғау
-

ЗАҢДЫҚ МАҒЫНАСЫНДА ОТБАСЫ ДЕГЕНІМІЗ — БҰЛ НЕКЕДЕН, ТУЫСТЫҚТАН, БАЛА АСЫРАП АЛУДАН НЕМЕСЕ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АЛУДЫҢ ӨЗГЕДЕ НЫСАНДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ НЫҒАЙТУ МЕН ДАМЫТУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗЕТІН, МҮЛІКТІК ЖӘНЕ МҮЛІККЕ КАТЫСТЫ ЕМЕС ЖЕКЕБАСТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСҚАН АДАМДАР ТОБЫ.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕЙТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ДЕП АТАЛАДЫ. ОТБАСЫ-НЕКЕ ҚАТЫНАСЫН РЕТТЕЙТІН НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ "НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ" ЗАҢЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

НЕКЕ — ОТБАСЫН ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ МҮЛІКТІК ЖӘНЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ЖЕКЕ ҚАТЫНАСТАРДЫ ТУЫНДАТАТЫН ОТБАСЫН ҚҰРУ МАҚСАТЫМЕН, ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН ТАРАПТАРДЫҢ ЕРІКТІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ КЕЛІСІМІ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСАЛҒАН ЕРКЕК ПЕН ӘЙЕЛДІҢ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОДАҚТЫ — НЕКЕ ДЕП ТҮСІНУІМІЗ КАЖЕТ.



ЕГЕР НЕКЕ ТІРКЕЛМЕСЕ ДЕ, БІРАК ЕРКЕК ПЕН ӘЙЕЛ БІРГЕ ТҰРЫП, БАЛАЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУМЕН АЙНАЛЫСЫП ЖАТСА, МҰНЫ ДА ОТБАСЫ ДЕП АЙТУҒА БОЛАДЫ.

ЕГЕР КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН БАЛАЛАРЫ АТА-АНАСЫМЕН ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАП, ОЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАП, МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАЖАМ КӨРСЕТСЕ — БҰЛ ДА ОТБАСЫ. ЕГЕР КӨМШІЛІК ҚАЖАМ КӨРСЕТСЕН, АТА-АНАСЫМЕН ҚАРЫНДАСТАРЫ

ТҰРЫП, БІР-БІРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙТЫН БОЛСА — БҰЛ ДА ОТБАСЫ.

АДАМДАР АРАСЫНДА НЕКЕДЕН, ТУЫСТЫҚТАН, БАЛА АСЫРАП АЛУДАН, ОТБАСЫНА ТӘРБИЕЛЕУ ҮШІН БАЛА АЛУДАН ТУЫНДАЙТЫН ҚАТЫНАСТАР *ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР* ДЕП АТАЛАДЫ.

## ТУЫСТЫҚ ЖӘНЕ ТУЫСҚАНДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТЕК ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҒАНА ОТБАСЫЛЫҚ ДЕП АТАУҒА БОЛАТЫН ӨЗГЕ ДЕ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕЙДІ. МӘСЕЛЕН, НЕМЕРЕЛЕРІ МЕН ӘЖЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДЫҒЫ ҚАТЫНАСТАР; ӨЗДЕРІНІҢ ОТБАСЫН ҚҰРЫП, БӨЛЕК ТҰРАТЫН КЕМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН АҒАЛАРЫ МЕН ҚАРЫНДАСТАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАР.

БҰЛ КӨРСЕТІЛГЕН ҚАТЫНАСТАРДЫҢ НЕГІЗІНЕ

КӨБІНЕСЕ ТУЫСТЫҚ ЖАТАДЫ, СОНДЫҚТАН ДА МҰНДАЙ ҚАТЫНАСТАРДЫ ТУЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ДЕП АТАУ КЕРЕК.

ТУЫСТЫҚ ДЕГЕНДЕ БІР НЕГІЗДЕН НЕМЕСЕ ОРТАҚ

БІР АТАДАН ТАРАЙТЫН ҚАНДАС АДАМДАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ ТҮСІНІЛЕДІ. ТУЫСТЫҚТЫҢ ЕКІ ТАРМАҒЫ БОЛАДЫ: ТІКЕЛЕЙ ЖӘНЕ ЖАНАМА ТУЫСТЫҚ. ТІКЕЛЕЙ ТУЫСТЫҚ АДАМДАРДЫҢ БІР НЕГІЗДЕН ТАРАЙТЫНДЫҒЫНА НЕГІЗДЕЛЕДІ. ТУЫСТЫҚ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ ТАРМАҚҚА АЖЫРАТЫЛАДЫ. ТУЫСТЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ ТАРМАҒЫ ҰРПАҚТАН АРҒЫ АТАҒА ҚАРАЙ ТАРАЙДЫ (ӨКЕГЕ, ШЕШЕГЕ, АТАҒА, АТАНЫҢ АТАСЫНА ЖӘНЕ Т.Б.), ТӨМЕНГІ ТАРМАҚ — АРҒЫ АТАДАН ҰРПАҚТАРЫНА ҚАРАЙ ТАРАЙДЫ (БАЛАҒА, НЕМЕРЕГЕ, ШӨБЕРЕГЕ ЖӘНЕ Т.Б.).





ОТБАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ. ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ  
ОТБАСЫНЫҢ ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС ТҮРЛЕРІ БОЛАДЫ.  
ТОЛЫҚ ОТБАСЫНДА АТА-АНАСЫ, БАЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ӘДЕТТЕ,  
ӘКЕСІ ЖАҒЫНАН ДА ЖӘНЕ ШЕШЕСІ ЖАҒЫНАН ДА  
АҒА ҰРПАҚ ӨКІЛДЕРІ — АТАСЫ МЕН ӘЖЕСІ БОЛАДЫ. ТОЛЫҚ  
ЕМЕС ОТБАСЫ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАСЫНЫҢ БІРЕУІНІҢ ҒАНА  
БОЛУЫМЕН СИПАТТАЛАДЫ. СОНЫҢ ӨЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ  
АТА-АНАЛАРЫ АЖЫРАСҚАН БОЛСА, БАЛАЛАРЫ СОНЫҢ  
ҚАРАМАҒЫНДА ҚАЛҒАН АТА-АНАҒА ЕКІНШІ ЖАҒЫ  
БАЛАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ ЖАРЫМСЫЗ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫНЫ  
БАҒЫП-ҚАҒУ ҮШІН АЛИМЕНТ ТӨЛЕЙДІ. ЕГЕР ЕРЛІ-  
ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ БІРЕУІ ҚАЙТЫС БОЛЫП, ЕКІНШІСІНІҢ  
ҚАРАМАҒЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРЫ ҚАЛСА,  
ОНДА ОҒАН МЕМЛЕКЕТ ЖӘРДЕМАҚЫ РЕТІНДЕ МАТЕРИАЛДЫҚ  
КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ. СӨЙТІП, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС  
ОТБАСЫ ДА ТЕҢ ЖАҒДАЙДА ЗАҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ АРҚЫЛЫ  
ҚОРҒАЛАДЫ.





## НЕКЕ МЕН ОТБАСЫН ҚОРҒАУ

НЕКЕ МЕН ОТБАСЫН ҚОРҒАУ ЕКІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ

АСЫРЫЛАДЫ: *ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БЕЙЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ.*

БІРІНШІСІНДЕ — ОТБАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛҒАН НЕМЕСЕ ДАУЛАНАТЫН ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫ ҚАТЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

БҰЛАР СОТ, ПРОКУРОР, АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІН ТІРКЕУ (АХАТ)

ОРГАНДАРЫ, ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ОРГАНДАРЫ, ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫ.

ЕКІНШІ ТҮРІ — ОТБАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ АЗАМАТТАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ. АЗАМАТТАР БҰЛ ӘРЕКЕТТЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАН КӨМЕКТЕСУДІ ӨТІНБЕЙ-АҚ ӨЗДЕРІ ІСКЕ АСЫРАДЫ. МҮНДАЙ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ — ҚҰҚЫҒЫН ӨЗІ ҚОРҒАУ ДЕП АТАЙДЫ. МЫСАЛЫ, ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАНЫҢ АТА-АНАСЫ ТӘРТІП БҰЗУШЫ БАЛАНЫҢ АТА-АНАСЫМЕН КЕҢЕСІП, ОҒАН КЕШІРІМ СҰРАУҒА ҰСЫНЫС ЖАСАЙДЫ ЖӘНЕ Т.Б.

СОТ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУ — ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ БІР ТҮРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰЛ ІСТЕ ПРОКУРАТУРА, ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ, АХАТ ОРГАНДАРЫ, ТӘРБИЕЛІК МЕКЕМЕЛЕР, АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР —

ӘКІМДІКТЕР ҮЛКЕН РӨЛ АТҚАРАДЫ.



## ОТБАСЫ – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ОШАҒЫ

Отбасында адам бойындағы асыл  
қасиеттер жарқырай көрініп,  
қалыптасады.

Отанға деген ыстық сезім – жақындарына,  
туған-туысқандарына деген  
сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Ә.Назарбаев

## ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

- **Отбасы** – бір-бірімен туыстық қатынаста өмір сүретін, ортақ тұрғын үйімен, экономикалық кооперациямен, ұрпақ қалдыру мақсатында ұйымдасқан әлеуметтік топ.

# ОТБАСЫ ТҮРЛЕРІ

Билік формасына қарай

Авторитарлы

Эгалитарлы

Құрамына қарай

Нуклеарлы

Кеңейтілген

Толық емес  
отбасы

Бала санына  
байланысты

Көп балалы  
( үш не одан көп )

Орташа  
( екі балалы )

Бір баласы бар

Баласыз отбасы



# БАСҚАРУ ПРИНЦИПІ БОЙЫНША

**Эгалитарлы отбасы-** ерлі-зайыптылар тең басқарады.

**Авторитарлы отбасы-** ерлі-зайыптылардың біреуі басқарады.

**Нуклеарлы отбасы-** бір некелік жұп және балаларынан тұратын отбасы.



**Толық емес отбасы-** ерлі –зайыптылардың біреуінің болмауы



**Күрделі отбасы-** нуклеарлы отбасы мүшелері+ ата, әжелері, ерлі- зайыптылардың туысқандары, достары, т.б.






# ӘР ЕЛДІҢ ОТБАСЫ ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ КӨРСЕТКІШІ

- 1. НУКЛЕАРЛЫ ОТБАСЫ
- 2. ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ

- 4. ТҮРМ ҚҰРМАҒАН БОЙДАҚТАР (ТҮРМ ҚҰРУ ЖАСЫНАН АСЫП КЕТКЕНДЕР)
  - 5. ГОМОГАМНА
- (2010 ЖҰЛДЫҢ СТАТИСТИКА БОЙЫНША)





# ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ





*Неке дегеніміз* – отбасын қалыптастыру мен оған қоғамдық бақылау жасаудың дәсүрлі тәсілі, жыныстардың - еркек пен әйелдің арасындағы бір-біріне және өз балаларына, ата-анасына қатысты құқықтары мен міндеттерін белгілейтін қатынас формасы.



# НЕКЕ ТҮРЛЕРІ

**Неке**

```
graph TD; A[Неке] --- B[МОНОГАМИЯ]; A --- C[ПОЛИГАМИЯ]; A --- D[ГОМОГАМИЯ]; E[Неке] --- F[ЭНДОГАМИЯ]; E --- G[ЭКЗОГАМИЯ]
```

**МОНОГАМИЯ**

**ПОЛИГАМИЯ**

**ГОМОГАМИЯ**

**Неке**

**ЭНДОГАМИЯ**

**ЭКЗОГАМИЯ**

# ОТБАСЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ

- бала тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға қарағанда ең басым болып келуі;
- - өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны;
- отбасы – болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырмайтын басты тірек – арқауы;
- - отбасы өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы.

# ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



Адамның  
адамшылдығы – ақыл,  
ғылым, жақсы ата,  
жақсы ана, жақсы  
құрбы, жақсы ұстаздан бо  
Абай



СОНЫМЕН, ОТБАСЫ ДЕГЕНІМІЗ — БҰЛ НЕКЕДЕН, ТУЫСТЫҚТАН, БАЛА АСЫРАП АЛУДАН НЕМЕСЕ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АЛУДЫҢ ӨЗГЕ ДЕ НЫСАНДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН, МҮЛІКТІК ЖӘНЕ МҮЛІККЕ ҚАТЫССЫЗ ЖЕКЕБАСЫНДЫҚ ҚҰҚЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСҚАН АДАМДАР ТОБЫ. ОТБАСЫНЫҢ ЗАҢДЫҚ БЕЛГІЛЕРІНЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ: АДАМДАРДЫҢ НЕКЕ НЕМЕСЕ ТУЫСТЫҚ НЕГІЗДЕ БІРІГУІ; ӨЗАРА ИМАНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОЛДАУ; БАЛА ТУУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ; ӨЗАРА ЖЕКЕБАСЫНДЫҚ ЖӘНЕ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚТАР. БІР НЕГІЗДЕН НЕМЕСЕ БІР ОРТАҚ АТАДАН ТАРАЙТЫН АДАМДАРДЫҢ ҚАНДАСТЫҚ-КІНДІКТЕСТІК БАЙЛАНЫСЫ, ТУЫСТЫҚ ДЕП ТҮСІНІЛЕДІ. ТУЫСТЫҚТЫҢ ЕКІ ТАРМАҒЫ БАР: ТІКЕЛЕЙ ЖӘНЕ ЖАНАМА. МЕМЛЕКЕТ АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ, ОТБАСЫН ҚОРҒАУҒА АЛАДЫ.

## **Сұрақ №1**

**Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі – зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім қалай аталады?**

**Жауабы:**

**Неке шарты**



## **Сұрақ №2**

**Некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер азаматтық хал актілерін жазу органына арыз берген күннен бастап неше ай өткен соң жүргізіледі?**

**Жауабы:**

**1 ай**



## **Сұрақ №3**

**«Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы» заңы нешінші жылы және қай күні қабылданды?**

**Жауабы:**

**1998 жылы 17-ші желтоқсанда**

## **Сұрақ №5**

**Некеге тұрғанда күйеуі әйелінің  
тегін алуға құқылы ма?**

**Жауабы:**

**иә**

## **Сұрақ №6**

**Неке шартының негізінде ерлі-  
зайыптылардың ортақ мүлкі  
40/60 пайызға бөлінуі мүмкін  
бе?**

**Жауабы:**

**МҮМКІН**



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

---